

Қазақстан Республикасының 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 2 қазандағы N 991. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 U983834_ Жарлығын және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 P980119_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру бағдарламасы бекітілсін (қ о с а б е р і л і п о т ы р) .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі стандарттау (ISO), заңдық метрология (IOML) жөніндегі халықаралық ұйымдарға және Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі кеңеске (МСК) ағымдағы 1998 жыл үшін мүшелік жарна мен өткен жылдар үшін берешектерді төлеу мәселесін шешсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 2 қазандағы
N 991 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының 1998-2000 жылдарға арналған
мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін
жетілдіру

БАҒДАРЛАМАСЫ

1 . К і р і с п е

Мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998

-2000 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысына (1.1.2-тармақ) сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу Қазақстанда қазақстандық өнімдердің дүниежүзілік рыноктың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін стандарттар жүйесін құруға және сертификатталған тауарлардың экспортын арттыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта республикада стандарттау мен сертификаттаудың мемлекеттік жүйесінің негізі құрылды.

1993 жылы оны дамытуға стандарттау және сертификаттау жүйелерінің негізгі ережелерін, стандарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібін реттейтін мемлекеттік стандарттардың кешені әзірленген және енгізілген, стандарттау және сертификаттау жөніндегі органдар белгіленген "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Сонымен қатар біздің алдымызда республикада Қазақстанның экономикасын реформаландырудың белсенді процесі жүріп жатқандықтан мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйесін дамытуды және жетілдіруді талап ететін жаңа міндеттер тұр. Өндірісті тиімді дамыту және бәсекелестік қабілетті өнімдерді шығаруды арттыру мақсатында шетелдік инвестициялар тартылуда, Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСО) кіруі мәселесі шешілуде, республиканың бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру жөнінде жұмыс жүргізілуде және Қазақстанның құжаттарды әзірлеу, ақпараттарды алу және тарату мәселелерінде халықаралық еңбекті бөлуге қатысуының нысандары айқындалуда.

Үкімет 1998-2000 жылдарға арналған өзінің іс-қимыл жоспарының шеңберінде негізгі басымдықтар мен қоғамды және экономиканың салаларын дамытудың ұлттық қауіпсіздік аясын белгіледі және үстіміздегі жылдан бастап ел Президенттің "Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы" атты Қазақстан халқына Жолдауын өмірге енгізуге кірісті.

Қойылған мәселелерді шешу олардың басымдықтарын, нысандарын және әдістерін өзгерту жолымен стандарттау және сертификаттау жүйелерінің заңдық негіздерін дамытуға жаңа дәстүрлі емес қадамдарды, сондай-ақ мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттау жүйелерін дамыту мен қолдануды, халықаралық стандарттарды тікелей қолдануды талап етеді.

2. Мақсаттар

Бағдарламаның негізгі мақсаты:
отандық өнімнің дүниежүзілік рыноктағы бәсекелестік қабілетін және танылуын қамтамасыз ету;

өнімдер мен қызмет көрсетулердің адамдардың өмірі мен денсаулығы, азаматтардың мүлкі, қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету; басқа елдермен сауда-экономикалық қатынастардың процесінде тауарлар (өнімдер) мен қызмет көрсетулердің қозғалысындағы техникалық кедергілерді жою;

Қазақстан рыногын сапасы нашар және қауіпті тауарлардың өндірілуі және енуінен қорғау болып табылады.

3. 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру бағытының басымдықтары

Бағдарлама бағыттарының негізгі басымдықтары:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен мемлекеттік стандарттау жүйесі стандарттарының кешенін Дүниежүзілік Сауда Ұйымының (ДСО) және халықаралық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес әзірлеу және жетілдіру;

халықаралық, аймақтық және дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдерінің ұлттық стандарттарын қолдану;

өнімдер мен қызмет көрсетулерге арналған ұлттық стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру;

каталогтау, фирмалық стандарттау және штрихтік кодтау жүйелерін құру және енгізу;

сертификаттау мен аккредиттеудің ұлттық жүйелерін халықаралық талаптарға сәйкес жетілдіру;

техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды жіктеу мен кодтаудың халықаралық жүйесіне көшу;

Қазақстан Республикасы стандарттарының мемлекеттік қорын қалыптастыру және дамыту;

Қазақстанда Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (ГАТТ/ДСҰ) талаптарына жауап беретін Ақпарат орталығын құру;

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

1. Стандарттау жүйесінің қолданылып жүрген заңдары мен нормативтік базасын жетілдіру.

Істің жай-күйі. Қазіргі уақытта республикада жүйенің жалпы ережелерін, мемлекеттік стандарттарды, кәсіпорындардың стандарттарын және техникалық шарттарды әзірлеудің, келісудің, бекітудің және тіркеудің тәртібін, сондай-ақ оларды құрудың, мазмұнының және берілуінің тәртібін қоса алғанда стандарттаудың мемлекеттің жүйесінің негіздері; техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды (ТЭӘА) жіктеу мен кодтау және штрихтік кодтау,

өнімді өндіріске қою жүйелерінің негіздері;
халықаралық және шет елдердің ұлттық стандарттарын қолданудың негіздері
б е л г і л е н д і ;

сонымен қатар, қазіргі уақытта бір мемлекеттік стандарттау жүйесінің заң және нормативтік негізі экономика салаларындағы жаңа міндеттерге, республиканың Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруіне және өркениетті нарықтық қатынастарға көшуге байланысты оны одан әрі жетілдіруді, халықаралық талаптармен үйлестіруді талап етеді.

Мақсат. Саудадағы техникалық кедергілерді алу және отандық өнімдердің дүниежүзілік рынокта танылуы.

Негізгі шаралар стандарттау саласындағы қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік базаларды одан әрі дамыту мен жетілдіруді, сондай-ақ мемлекеттік стандарттау жүйесінің ережелерін ДСҰ-ның талаптарына, халықаралық нормалар мен ережелерге сәйкес келтіру мақсатында "Техникалық кедергілер мен сәйкестікті бағалау туралы" Заңның жобасын әзірлеуді көздеуі тиіс.

Жұмыстарды жүргізу кезінде:

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруін қамтамасыз ететін талаптар мен ережелер, мүдделі мемлекеттер үшін жүйенің ашықтығы және онда белгіленген талаптардың айқындығы;

"стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар" және "техникалық регламенттер" мәртебесі бар отандық және республикада қолданылатын стандарттар мен құжаттардың санаттары және оларға жатқызудың өлшемдері;

экономиканың салаларында қолданылатын оларды нормативтік қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды Мемлекеттік бағдарламалар мен ғылыми зерттеу жұмыстарының жоспарларына кіргізу мәселелері;

өнімнің әртүрлі түрлеріне арналған құжаттардағы экологиялық нормалаудың нысандары мен ережелері;

стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік тілдің қолданылуы саласында мемлекеттік саясатты іске асырудың тәсілдері;

Қазақстанның рыногын сапасы нашар және адамдардың өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін әлеуетті қауіпті өнімдердің өндірілуі мен енуінен қорғаудың мүмкін болатын тетіктері;

халықаралық, аймақтық және дүниежүзіндегі өнеркәсіптік дамыған елдердің ұлттық техникалық регламенттерін қолданудың және нормативтік құжаттарды енгізудің тәртібі;

салаларда шешілетін міндеттерге қарай жоспарлаудың өлшемдерін белгілей отырып стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлауда жаңа (бағдарламалық) қ а д а м д а р д ы п а й д а л а н у ;

заңды тұлғалардың стандарттау жөніндегі жұмыстың нысандарын

жетілдірудегі іс-қимыл еркіндігі;

республикада әзірленетін және қолданылатын нормативтік құжаттарды өнімдердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің қауіпсіздігі үшін республикадағы мемлекеттік қадағалау органдарымен келісудің нақты тәртібі; нормативтік құжаттарды беруге және шетелдік әріптестермен өнімдерді беруге арналған шарттарды/келісім-шарттарды ресімдеуге қадамдар; денсаулық сақтау саласында стандарттар жүйесін құру мәселесі; республикада каталогтандыру және фирмалық стандарттау жүйелерін жүргізу ;

стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің қызметін жетілдіру және жұмыс нысандарын өзгерту мәселелері;

Мемстандарт жүйелері мамандарының қатысуымен, тәуелсіз халықаралық ұйымдардың сарапшыларын-аудиторларын және Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінен оқытушыларды тарта отырып экономика салаларында кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйелерін жетілдірудің тәртібі, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан республиканың барлық техникалық оқу орындарында стандарттау мәселелерін зерделеу белгіленуі, көзделуі және ескерілуі тиіс. Стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері бойынша оқу бағдарламасы, сабақ беру тақырыптары және практикалық сабақтар өткізу Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетімен келісілді.

2. Халықаралық, аймақтық және дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдерінің ұлттық стандарттарын қолдану.

Істің жай-күйі. Республикада қолданылып жүрген халықаралық және шет елдердің ұлттық стандарттарын енгізу рәсімін реттейтін стандарттау жөніндегі ереже (ҚР ЕР 50.1.21.96) халықаралық практикада техникалық регламенттерге жатқызылған құжаттардың басқа түрлері мен санаттарын, сондай-ақ салалық стандарттарды, кәсіпорындардың стандарттарын және техникалық шарттарды қолдануды көздемейтін болғандықтан аталған проблеманы толық көлемде шешпейді.

Мақсат. Ұлттық стандарттар мен нормаларды әзірлеуге арналған ақталмаған шығындарды жою, барлық мүмкін болатын санаттар мен құжаттар түрлерінің мемлекеттік стандартта қолданылуы рәсімін бірдейлендіру.

Негізгі шаралар. Мына мәселелерді:

"Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістерде көзделгендердің қатарынан қолданылуға жататын құжаттардың түрлері мен санаттарын айқындауды;

үш шарттың: ұлттық стандарттарды әзірлеудің, құжаттардың бірдей

мәтіндерін есепті тіркеуді немесе көрсетілген рәсімдерді орындамастан өнімдер шығарудың біреуін орындау талап етілетін шарттарды белгілей отырып нормативтік құжаттарды қолдануға "тікелей", "жанама" деген ұғымдарды енгізуді шешуді реттейтін мемлекеттік стандартты дайындау.

Нормативтік құжаттарды қолдану мәселелері калько ұстаушының (әзірлеушінің) тапсырысшыға лицензиялау (шарт немесе келісім-шарт) жөніндегі құжаттарды беруінің мүмкін болатын талаптарына байланысты екендігіне орай стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды берудің тәртібі бойынша ұсынымдар әзірлеу мәселесін шешу қоса талап етіледі.

3. Өнімдер мен қызмет көрсетулерге арналған ұлттық стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру.

Істің жай-күйі. Қазақстанның халықаралық деңгейге кіруіне және Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру жөніндегі дайындық жұмыстарына байланысты отандық стандарттарды халықаралық, аймақтық және дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдердің, оның ішінде ТМД елдерінің ұлттық стандарттарының талаптарына үйлестіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет.

Бұл жұмыстарды орындау отандық стандарттардың талаптарын халықаралық стандарттармен барынша жақындастыруға; тауарлар мен қызмет көрсетулердің дүниежүзілік рыногындағы стандарттардың техникалық деңгейін арттыруға, отандық өнімді бәсекелестік қабілетті қылуға, тауарлар алмасу кезіндегі техникалық кедергілерді алуға, шет елде өз өнімін өткізу рыногы үшін белсенді және ұтымды күресуге мүмкіндік береді.

Мақсат. Өнімдердің сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттыру, отандық өнімдердің тауарлар мен қызмет көрсетулердің халықаралық рыногында т а н ы л у ы .

Негізгі шаралар. Мемлекеттік стандарттау жүйесін нарықтық экономикалы елдер үшін тән осындай жүйелермен үйлестіру мақсатында:

стандарттаудың басымдықтарын терминдер мен айқындамаларды, дүниежүзінде сенім мен өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін қажет деп танылатын стандарттау және сертификаттау объектілерінің сапасын сынаудың, бағалаудың үлгілері мен әдістерін таңдаудың тәртібін реттейтін стандарттар әзірлеуге қ а р а й а у ы с т ы р у ;

халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің стандарттарды әзірлеуін жүзеге асыру, ол үшін республикада осы бөлімшелерді қалпына келтіру және құру жөнінде одан әрі жұмыстар жүргізілетін болады;

республика экономикасының салаларында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға талдау жүргізу және оларды халықаралық талаптармен, бірінші кезекте кейіннен оларды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды

мемлекеттік стандарттаудың жоспарына кіргізу арқылы өнімдердің негізгі экспортталатын түрлеріне, үйлестіру жөнінде ұсыныстар дайындау; халықаралық, аймақтық және дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдерінің ұлттық стандарттарын қолдану жоспарланады.

4. Каталогтау және фирмалық стандарттау жүйелерін құру.

Істің жай-күйі. Қазіргі уақытта аталған жүйелерді әзірлеу жүргізілген жоқ.

Мақсат. Республикада және аймақта өндірілетін өнімдер; оның тұтынушылық ерекшелігі мен оны дайындаушылар;
с е р т и ф и к а т т а у ;

нормативтік құжаттарды қолдану туралы ақпараттарды жинау және мемлекеттік органдар мен тұтынушыларға жеткізу.

Шығарылатын өнімдердің автоматтандырылған есебін қамтамасыз ету, тапсырысшылардың өнімдерді дайындаушылармен өзара байланыстарын қ а м т а м а с ы з е т у .

Өнімдердің сапасын арттыру және дизайнын жақсарту.

Негізгі шаралар. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін стандарттар мен жүйенің негізгі ережелерін реттейтін нормативтік құжаттардың кешенін әзірлеуді жүргізу, есеп алу мен каталогтау жүйесін жүргізудің және каталогтық парақтарды толтырудың тәртібін белгілеу, каталогтық парақтардың бланкілерін әзірлеу және бекіту, "Қазақстан өнімдері" деректерінің базасын құру қажет.

Нормативтік және техникалық құжаттардың, өнімдерді шығаруға байланысты каталогтау жүйесіне кіруі тиіс ақпараттардың түрлері мен санаттарын белгілеу.

Фирмалық стандарттау жүйесін енгізу негізгі ережелерді әзірлеуді қоспағанда кәсіпорындардың фирмалық стандарттарын құру, олардың мазмұны және берілуі жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді көздеуі тиіс.

ТМД елдерінен Ресей ғана фирмалық стандарттау жүйесін енгізгендігін ескере отырып, кәсіпорындардың берілетін өнімдерге стандарттарын әзірлеу және қолдану жолымен Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңестің қарауына ТМД елдерінің өнімдерді беру кезінде басқа құжаттармен (оның ішінде стандарттармен және техникалық шарттармен) қатар құжаттың осы санаттарын тануы мәселесі енгізілді.

5. Сертификаттау жүйесін жетілдіру.

Істің жай-күйі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сертификаттау жүйесінің шеңберінде аккредиттеу жеке бөлініп көрсетілмеген. Қолданылып жүрген стандарттарда өнімдер мен қызмет көрсетулерді сертификаттау органдарына, лабораторияларына және орталықтарына талаптар белгіленген. Дүниежүзілік практикада тіркеу жүйесі дербес жүйе ретінде жұмыс істейтіндігі ескеріле отырып, республикада сертификаттау жүйесінің негізін салатын стандарттарда түбірлі өзгерістер жүргізілуі тиіс.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерін қоспағанда дүниежүзілік қоғамдастықта сертификаттау жөніндегі республикада жүргізілген жұмыстардың нәтижелері мойындалмайды. Республиканың экономиканың басымдықты салаларының өнімдерін (оның ішінде мұнайды, астықты және оны қайта өңдеу өнімдерін, түсті және қымбат металдарды және т.б.) алыс шет елге сату кезіндегі үлкен экономикалық шығындары осындай жағдайдың салдары. Тіркеу жүйесінің болмауы себептерінің бірі дүниежүзілік қоғамдастық мойындауға тиіс нәтижелер

Осы процесті бөгейтін проблемаларды шешу үшін сертификаттау саласындағы қолданылып жүрген заңдар мен негізгі стандарттарға түбегейлі өзгерістер енгізілуі тиіс.

Мақсат. Тауарлар мен қызмет көрсетулердің халықаралық рыногында отандық өнімдерді тану. Мемлекеттің экономикалық пайдасы.

Негізгі шаралар. Аталған мақсатты іске асыру үшін сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелерін реттейтін заңдар мен негізін салушы мемлекеттік стандарттарға тиісті өзгерістер енгізілуі тиіс. Бұл үшін:

басымдықтарды сапа мен өндіріс жүйесін сертификаттау және өнімдер мен қызмет көрсетулерді ерікті сертификаттау жағына бұру;

мемлекеттік сертификаттау жүйесінің ішінен халықаралық деңгейде өнімдердің сәйкестігін (сертификаттаудағы) бағалаудың нәтижелерін тануды қамтамасыз ететін сертификаттау жөніндегі шетелдік тәуелсіз ұйымдардың қатысуы практикасын енгізе отырып, халықаралық талаптарға сәйкес келетін аккредиттеу жүйесін құру;

өнімдерді сертификаттау рәсімін тауарлар мен қызмет көрсетулер рыногын дамытуға, сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде бағаны төмендетуге, сарапшылардың, аудиторлардың біліктілігіне талаптарды халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіруге, тауар өндірушілердің, жеткізушілердің және сатушылардың өнімнің сапасы үшін жауапкершілігін күшейтуге, сондай-ақ үшінші тарап ретінде сертификаттау жөніндегі органдардың қызметіне сенімді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін олардың технологиялылығын арттыру мүддесінде халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру;

дүниежүзілік практикада өнімнің сапасының кепілдемесі болып табылатын сәйкестік белгісін қолдану мәселесін шешу қажет.

6. Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды (ТЭӨА) жіктеу мен кодтаудың халықаралық жүйесіне көшу.

Істің жай-күйі. Қазіргі уақытта экономиканың салаларында негізінен бұрынғы Одақтың техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарын жіктеушілер пайдаланылады. Ведомстволық жіктеушілердің деңгейінде

статистика жүйесінде еуропалық жіктеушілерді:

экономикалық қызметтің түрлерін;

өнімдер мен қызмет көрсетулерді еуропалық жүктеушілерді тәжірибелік енгізу жүргізілуде;

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі, денсаулық сақтау және білім салаларындағы жіктеушілерді қайта қарау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Мақсат. Ведомствоаралық ақпараттар ағынын келісу және мемлекеттік басқару органдары мен экономика салалары пайдаланатын номенклатуралар мен жіктеушілердің халықаралық практикасының деректеріне сәйкес еместігін жеңу проблемаларын шешу. Саудада техникалық кедергілерді алу.

Негізгі шаралар. Осы мақсатты іске асыру үшін:

экономика салалары мен мемлекеттік басқару органдарында статистика саласына енгізілген еуропалық жіктеушілерге талдау жүргізу және оларды жетілдіру және қолдану жөнінде ұсыныс әзірлеу;

қабылданған мемлекетаралық жіктеушілерді: валюталарды, дүниежүзі елдерін, есептеу бірлігін, стандарттарды, өлшеу құралдарын енгізу жөнінде тәртіп әзірлеу;

республиканың мүдделі бөлімшелерімен ТМД елдерінің мемлекетаралық ретінде ұсынылып отырған ұлттық жіктеушілерін пысықтау қажет.

7. Қазақстан Республикасы стандарттарының Мемлекеттік қорын қалыптастыру және дамыту және Қазақстанда Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісімнің (ГААТ/ДСҰ) талаптарына жауап беретін Ақпараттық орталық құру.

Істің жай-күйі. Қазақстандағы бар Стандарттардың мемлекеттік қоры қайта қарауға жататын құжаттардың 40 процентке жуығын түбірінен реформалауды талап етеді.

Мемлекеттік қордың халықаралық ұйымдардың:

ISO, IOML және IEC стандарттарымен қамтамасыз етілуі 50, ТМД елдерінің ұлттық стандарттарымен қамтамасыз етілуі 5-тен 80 процентке дейінгіні құрайды, қорда алыс шет елдердің ұлттық стандарттары іс жүзінде жоқ.

Қазақстанда ГААТ/ДСҰ Бас келісімінің міндетті талаптарының бірі болып табылатын Ақпарат орталығы құрылған жоқ.

Республикада қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар туралы деректердің бірыңғай базасы жоқ. Қазақстан Республикасында қордың жұмыстарына бірыңғай ұйымдастыру әдістемелік басшылық пен үйлестіру жоқ, жұмыс процестері іс жүзінде автоматтандырылмаған.

Мақсат. Отандық және шет елдік әріптестерді қоса алғанда кез келген деңгейдегі ақпараттық нормативтік сұраныстарды қанағаттандыруға қабілетті Қазақстан Республикасы стандарттарының мемлекеттік қорын және Ақпараттық

о р т а л ы к к ۇ р у .

Жалпы ұлттық мүдделерді ескере отырып, өзара тиімді негізде Стандарттардың мемлекеттік қорын құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Негізгі шаралар. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін:

құжаттарды жинақтауды, олардың есебін жүргізуді, орналастыруды және бөлуді, тапсырысшыларға қызмет көрсетуді қоса алғанда стандарттар қоры бойынша жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру мен оның технологиясын реттейтін мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттардың кешенін әзірлеу;

стандарттау қорының жұмысын автоматтандыру және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;

республикада стандарттау жөніндегі қолданылатын нормативтік құжаттар жөніндегі деректердің бірыңғай анықтамалық-библиографиялық базасын құру және ақпараттарды рұқсат етілмеген кіруден қорғау;

қажетті көбейткіш, компьютерлік базасы мен ұйымдастыру техникалары, алаңдары, ДСҰ-ға мүше елдердің негізді сұрауларына жауап беретін, тұтынушылар мен отандық тауар өндірушілердің құқықтары мен мүдделеріне қатысты кемсітушілікті болдырмау мақсатында олардың нормативтік құжаттарын аударатын және қарайтын бағдарламашылар мен сарапшылардың штаты бар Ақпарат орталығын құру;

аударуды және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі аударылған (оның ішінде қазақ және ағылшын тілдеріне) материалдар мен құжаттарды сараптауды жүзеге асыратын, аудармалардың бірдейлігін растау мәселесі жөнінде төреші болуға қабілетті бөлімше құру;

"Ақпарат күнін", нұсқауларды, каталогтарды, ақпараттық парақтарды дайындау жүйесін жетілдіру;

тапсырысшылармен ИНТЕРНЕТ және WEB байланыс жүйесі арқылы алынатын Мемстандарт парағы ақпаратын пайдаланудың мүмкіндігін қамтитын жұмыстың нысандарын өзгерту;

Мемстандарттың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мерзімді газет басылымдары мен журналдарды, бюллетендерді дайындау көзделуі тиіс.

8. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық.

Істің жай-күйі. 1993 жылдан бергі кезең ішінде Мемстандарт ТМД мен дүниежүзінің әртүрлі елдерімен мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір жұмыстар жүргізді.

Қазіргі уақытта Ресеймен, Украинамен, Грузиямен, Қырғызстанмен стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісілген саясат туралы құжаттарға (келісімдерге) Үкімет деңгейінде қол қойылды және бекітілді.

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық органдардың деңгейінде Иран стандарттар мен өнеркәсіптік зерттеулер институтымен (ISIRI) Түрік стандарттар институтымен (TSE) Америка стандарттар институтымен (NISET), DIN неміс институтымен, Германияның Материалдарды зерттеу және бақылау жөніндегі Федеративтік ведомствосымен (BAM) және Германияның Физика және метрология федеративтік институтымен (PTB) осындай құжаттарға қ о л қ о й ы л д ы .

Болгария Республикасымен, Корея Республикасымен, Польша Республикасымен, Израиль мемлекетімен үкіметаралық келісімдердің жобалары к е л і с у ү ш і н д а й ы н д а л д ы .

Пәкістанмен, Үндістанмен, Сауд Аравиясымен, Вьетнаммен стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы өзара іс-қимыл туралы ұсыныстар дайындалды және Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияға жолданды.

Мақсат. Қазақстанның стандарттау және сертификаттау, салаларында халықаралық еңбекті бөлуге қатысуы, сондай-ақ Қазақстан мүдделі халықаралық стандарттарды қолдану арқылы республиканың мүдделерін қорғау.

Негізгі шаралар. Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды серпінді жетілдірудің, халықаралық стандарттар бойынша жұмысқа көшудің қажеттігі ескеріле отырып халықаралық ынтымақтастық саласындағы жұмыстарды жалғастыру және жетілдіру ұйғарылады.

Бірінші кезекте Қазақстан Республикасын Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымға ISO кіргізу, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесте (МАК) және Зандық метрология халықаралық ұйымдарында (OIML) ынтымақтастықты ұдайы қолдау. Халықаралық электротехникалық комиссияға (IES) мүше болып кіру және өнімдер сауда әріптестері елдерімен екіжақты ынтымақтастық, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан үшжақты ынтымақтастығын жасасу үшін жағдайлар мен қажетті материалдарды дайындау.

Еуропа қоғамдастығы елдерімен сауда алмасудың көлемін ескере отырып Еуропаның стандарттау және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп ТМД елдерінде еуропалық стандарттар мен нормаларды қолдану және оларды орталықтандырып сатып алу (қамтамасыз ету мәселелерінің шешімін табу қажет).

Оны мүмкін болатын Қазақстанның аумағына енгізу, сондай-ақ республикада семинарлар өткізу және мамандарды оқыту үшін халықаралық және дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдерінің ұлттық ұйымдарын тарту мақсатында шет елдердегі стандарттау және аккредиттеу жөніндегі ұлттық

органдардың жұмыс тәжірибесін зерделеуге көп көңіл бөлінетін болады.

9. Штрихтік кодтау жүйесін құру.

Істің жай-күйі. "Қазақстан Республикасындағы штрихтік кодтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қыркүйектегі N 1110 қаулысын P961110_ іске асыру мақсатында осы уақытқа дейін өнімдер мен олардың орамаларына тауарларды таңбалау кезінде пайдаланылатын EAN штрихтік кодтарын қолданудың және орналастырудың негізгі ережесі, тәртібі белгіленді. Қазақстан Республикасында құрылған EAN Қазақстан ұйымын ұлттық нөмірлеу ұйымы ретінде таныған EAN Тауар нөмірленуі халықаралық ассоциациясына мүше болып кірді.

EAN Қазақстанның негізгі функциялары: мүдделі ұйымдарға өнімдердің сандық және штрихтік кодының құрамына кіретін олардың реттік кодын береді.

Мақсат. Материалдық және қаржы ағымдарының тауар қозғалысының есебін жүргізу, оның ішінде өнімнің өндірістен тұтынуға дейінгі өмірлік циклының іс жүзінде барлық баспалдақтарында материалдық ағымдарға бақылау жасау; ақша массасының жаппай қысқаруы кезінде ақша қаражатының айналымдылығын жеделдету; ілеспе құжаттамаларды жасауға байланысты шығыстарды төмендету; ұрлыққа қарсы пәрменді күресу; әлеуметтік сала мен құқық қорғау органдарында жұмыстың тиімділігін арттыру.

Негізгі шаралар. Қойылған мақсаттарды іске асыру:

штрихтік кодтау технологияларын, оның ішінде республикада "5 кезектесетіндерден 2", 39, 128 немесе жеделдетілген халықаралық почтада кодтау кезінде, өнеркәсіптің әртүрлі салаларының технологиялық процестерін басқаруда, іс қағаздарын жүргізуде, қанды кодтау мен кітапхана ісінде және басқаларында қолданылатын басқа да штрихтік кодтарды қолданудың негізгі ережесі мен тәртібін реттейтін нормативтік құжаттардың жиынтығын қолдануға талдау жасау және оның нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу;

штрихтік кодтау жөніндегі ҚР СТ 6.0 96 негізін салушы стандартқа "5 кезектесетіндерден 2", 39, 128 немесе басқа да штрихтік кодтарды қолдану және өнімдер мен қызмет көрсетулерді сатушылар мен сатып алушылардың/тапсырысшылардың өзара іс-қимылын, құқықтарын және міндеттерін белгілеу саласы бөлігінде өзгерістер енгізу. Сонымен бір уақытта штрихтік кодтау технологиясын, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда, қызмет көрсету саласында, денсаулық сақтау мен фармацевтік қызметте, қан қызметінде, қоғамдық қауіпсіздікте, енгізу үшін экономика мен өнеркәсіптің басымдықты салаларындағы кодтандыру объектілерін белгілеу қажет.

4. Бағдарламаны іске асыру

1. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету.

Бағдарламаның шараларын қаржыландыру техникалық көмектер мен

мемлекеттік бюджеттің мүмкін болатын көздерін тартудың есебінен жүргізіледі.
 Бағдарламаны іске асыру үшін 1998-2000 жылдары 7 665976 АҚШ доллары
 т а л а п е т і л е д і .

1 - к е с т е

Шаралардың атауы	Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржы шығындары (мың АҚШ доллары)			
	Барлығы	оның ішінде		
		1998 жылға (борыш)	1999 жылға	2000 жылға
1	2	3	4	5
1. Техникалық көмек гранттары қаражатының есебінен қаржыландыру:				
1) дүниежүзінің өнеркәсібі дамыған елдерінің халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарын, техникалық регламенттерін және жіктеушілерін алу	2000	-	1000	1000
2) Астана қаласында Ақпараттық орталық құру және оны жаратқандыру	4000	-	2000	2000
3) кадрларды оқыту және даярлау	1000	-	500	500
Жиыны	7000	-	3500	3500
2. Мүшелік жарналарды төлеу:				
1) мемлекетаралық ынтымақтастық				

Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК)	6,855	3,538	3,317	-
2) халықаралық ынтымақтастық:				
Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO)	105,343	79,007	26,336	-
заң шығару метрологиясы жөніндегі халықаралық ұйым (I O M L)	53,778	40,557	13,221	-
мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру	500	-	300	200
ЖИЫНЫ:	665,976	123,102	342,874	200
Жиынның жалпы сомасы:	7665, 976	123,102	3842, 874	3700

2. Бағдарламаны іске асырудың тетігі

Жұмыстардың негізгі тапсырысшысы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, атқарушысы "Стандарттау және сертификаттау туралы" және "Өлшемдер бірлігі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жүктелген Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті болып белгіленді.

Бағдарламаға қатысуға Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалары тартылады.

Бағдарламаны іске асырудың тетігі өзіне:

бағдарламада көзделген жұмыстарды жоспарлауды, іске асыруды және олардың атқарылуына бақылау жасауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларын;

халықаралық нормалар мен талаптарды ескере отырып мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру аяқтауға мүмкіндік беретін методологиялық шараларды;

ақпараттарды қорғаудың талаптарын сақтай отырып ең жаңа технологияларды енгізудің негізінде республикада ақпараттық жүйелер құруды қамтамасыз ететін техникалық шараларды қамтиды.

Бағдарламаның орындалуына бақылау жасауды негізгі тапсырысшы жүзеге асырады. Бақылау жасау:

атқарушының бағдарламалық шаралардың іске асырылуы туралы мерзімді есептілігін;

атқарушының бөлінген қаражатты пайдалануына бақылау жасауды;

бағдарламалық шараларды орындаудың мерзімдері мен сапасының сақталуына бақылау жасауды қамтиды.

Қоса атқарушылар жұмыстарды негізгі атқарушыға негізгі атқарушы белгілеген тәртіпке сәйкес өздерінің қаражатты пайдалануына және бағдарламалық шаралардың орындалуына есеп береді.

5. 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру бағдарламасын іске асыру жөніндегі негізгі шаралар

Шаралардың атауы	Аяқтау нысан	Жауапты атқарушы	Атқару мерзімі
1. Сертификаттау қолданылып жетілдіру	Стандарттау жөніндегі жүрген заңдарды		және
"Стандарттау туралы" және "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын дайындау	Заңдардың жобалары	Мемстандарт, Орталық атқарушы органдар	1998 жыл: қазанда - Әділетмині, қарашада-
2. Сертификаттау нормативтік жетілдіру	Стандарттау жөніндегі құжаттарды	Үкімет	және
Оларды халықаралық нормалар мен талаптарға	Стандарт	Мемстандарт	1998-2000 жылдары

(ISO 8402, ISO 9000, EN 45000, ISO/IEC 2 басшылығы және басқалары) сәйкес келтіру мақсатында стандарттарды, сертификаттау және негізін салушы кешенін қайта құжаттардың қайта қарау және әзірлеу:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі.	Стандарт	Мемстандарт	1998 жылғы қараша
	Негізгі	ережелер"	

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі.	Стандарт	Мемстандарт	1998 жылғы қараша
стандарттарды тәртібі"		Мемлекеттік әзірлеудің	

"Стандарттау жөніндегі жұмыстарды тәртібі"	Стандарт	Мемстандарт	"-
	жоспарлаудың	жобасы	

"Стандарттау және сертификаттау жөніндегі халықаралық, ұлттық тарды стандарттарының	Стандарт	Мемстандарт	1998 жылғы ақпан
	аймақтық және нормативтік қолданудың	құжат. тәртібі"	
		жобасы	

"Сапа және өндіріс жүйелерін сертификаттау. Негізгі стандарттарының	Стандарт	Мемстандарт	1998 жылғы қараша
	ережелер"	жобасы	

"Сапа және өндіріс жүйелерін Өндірісті жүргізудің стандарттарының жобасы	Стандарт	Мемстандарт	"-
	сертификаттау. сертификаттауды тәртібі"		

"Сапа және өндіріс жүйелерін сертификаттау.	Стандарт	Мемстандарт	"-
---	----------	-------------	----

Сапа тауды стандартының жобасы	жүйелерін жүргізудің	сертификат. тәртібі"		
"Сертификаттау жөнін. дегі органдарды, сынақ және өлшеу аккредиттеудің Негізгі стандартының жобасы	Стандарт	Мемстандарт	1999 жылғы тамыз	
	лабораторияларын жүйесі.			
	ережелер"			

"Сертификаттау жөнін. дегі органдарды сынақ және өлшеу тіркеу лабораторияларына тарына) талап тіркеудің стандартының жобасы	Стандарт	Мемстандарт	2000 жылғы мамыр
	лабораторияларын жүйесі.	Сынақ (орталық. оларды	
	және	тәртібі"	

"Сертификаттау жөнін. дегі органдарды, сынақ және өлшеу аккредиттеу каттау талап теудің стандартының жобасы	Стандарт	Мемстандарт	2000 жылғы мамыр
	лабораторияларын жүйесі.	Сертифи. органдарға аккредит.	
	жөніндегі және оларды	тәртібі"	

3. Ұлттық стандарттарды халықаралық үйлестіру талаптармен

1. Оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру мақсатында республика ларында шикізаттың талатын латын дың жүргізу	Мемстан. дарттың респуб. экономикасының өнімдер негізгі түрлеріне нормативтік жай-күйіне	Мемстандарт, министрліктер мен ұйымдар сала. мен экспорт. қолданы. құжаттар. талдау	1999 жылғы шілде
---	--	---	------------------

2. ISO сериясы 14000 Стандарт Мемстандарт, 1999 жылы
 "Қоршаған ортаны басқару мүдделі
 жүйесі" халықаралық стан. министрлік.
 дарттардың негізінде ұлттық тер
 кешенін әзірлеу

4. Каталогтау және
 фирмалық стандарттау
 жүйелерін құру

Жүйелердің негізгі Стандарт. Мемстандарт "-"
 ережелерін; каталогтау тар,
 жүйесінің есебін жүргізу ұсынымдар
 мен жүргізудің тәртібін;
 фирмалық стандарттарды/
 кәсіпорындардың стандарт.
 тарын құрудың, олардың
 мазмұнының және берілуінің
 тәртібін реттейтін стан.
 дарттар мен ұсынымдардың
 кешенін әзірлеу

5. Республикада
 штрихтік кодтау жүйесін
 енгізу

Штрихтік кодтау жүйесі Стандарт Мемстандарт 1998 жылғы
 бойынша стандарттардың желтоқсан
 кешенін әзірлеу

6. Республикада
 техникалық-экономикалық
 және әлеуметтік ақпарат.
 тарды (ТЕАӘ) жіктеу және
 кодтау жүйесі бойынша
 жұмыстар жүргізу

1. Республиканың Мемстан. Мемстандарт "-"
 аумағында қолданылатын дарттың
 жіктеушілердің (ТЕАӘ) қаулысы
 тізбесін дайындау

2. Ресей мен ТМД-ның Мемстандарт, 1998 жылғы
 Молдаваның мемлекетаралық Мемлекет. Еңбек және караша-
 жіктеушілер ретінде ұсыныл. аралық халықты желтоқсан

ған халық туралы (кәсібі,
мамандықтары, жұмыспен
қамтылу мәртебесі) ұлттық
жіктеушілерін пысықтау

Кеңесіне әлеуметтік
қорытынды қорғау
министрлігі

3. Техникалық-эконо.
микалық және әлеуметтік
ақпараттарға (ТЕАӘ)
шілер жүргізудің
стандарттар әзірлеу

Стандарт

Мемстандарт

1999 жылғы
ақпан

жіктеу.
тәртібіне

касының
дарттар
және

7. Қазақстан
Мемлекеттік
қорын

Республи.
стан.
қалыптастыру

дамыту

1. Қазақстан үшін
мүддені білдіретін дүниежүзі
елдерінің халықаралық,
аймақтық және ұлттық стан.
дарттарының тізбесін дайындау

Мемстан.
дарттың

Мемстандарт,
Стандарттар

1998-2000
жылдары

қаулысы жөніндегі
техникалық
комитеттер

2. Оларды республиканың
аумағында қолдану мақсатында
халықаралық, аймақтық
және ұлттық стандарттарды
алуды және аударуды
қамтамасыз ету

Стандарт.
тар

Мемстандарт, "-"
Энергетика,
индустрия
және сауда
министрлігі

3. Қазақстан Республи.
касы стандарттарының ақпа.
раттық қорлары
(НҚ мен каталогтарды
дайындауды қамтамасыз
етуді,
басып шығаруды және таратуды
қоса алғанда) тәртібін;

Норматив.
тік құжат

Мемстандарт

1998 жылдың
қарашасы

нормативтік құжаттарды
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік
қорының құжаттарына
дың тәртібін
нормативтік
кешенін әзірлеу

Норматив.

Мемстандарт

"-"

тік құжат
стандарттар

жатқызу.

реттейтін

құжаттардың

	8 .	М е м с т а н д а р т т ы ң	
жүйесінде орталық құру	арнаулы	Ақпараттық	
1. Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің ГАТТ/ДСҰ талаптарына сәйкес Ақпарат орталығын құру	Энергетика индустрия	Энергетика, индустрия және сауда министрлі.	1998 жылдың желтоқсаны және сауда министрлігі г і н і ң
қаулысы			
2. Ақпарат орталығын қажетті техникалық құралдармен, ұйымдастыру техникасымен және нормативтік базамен	Орталықты жарактан. дыру	Энергетика, жарактан. индустрия және сауда министрлігі	1999 жылы индустрия және сауда министрлігі
	ж а р а қ т а н д ы р у		
	9 .	К а д р л а р д ы	д а я р л а у
және жүйелерін жетілдіру	қ а й т а	д а я р л а у	
1. Дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдерінің ұлттық ұйымдарды дарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыс жетілдірулерін зерделеу	Тәжірибе. лерді стан.	Энергетика, индустрия зерделеу, мамандарды	1999-2000 жылдары және сауда министрлігі шет елде
	о қ ы т у		
2. Мемстандарт жүйесінің ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарының стандарттау даярлауды даярлауды бөлімше құру	Мемстан. дарттың базасында және саласында және жүргізу	Мемстандарт сертификат. кадрларды оларды қайта жөніндегі	1998 жылдың қазаны қаулысы
3. Оқу орындары үшін оқу процесінде және сертификаттау лері бойынша сабақ беру тақырыптары жөнінде бағдарламалары мен дарын	Бағдарла. стандарттау мәселе.	Мемстандарт, малар мен ұсынымдар. ды келісу	жыл сайын Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі
	о қ ы т у		
	к е л і с у д і	ж ү р г і з у	

және халықаралық ынтымақ.
тастық

1. ТМД елдері стандарт. Екіжақты Мемстандарт 1998-2000
тау, метрология және шарттар жылдары
сертификаттау жөніндегі
ұлттық органдарының ақпарат.
тық қорларымен;

стандарттау, метрология Екіжақты Мемстандарт "-"
және сертификаттау жөніндегі шарттар
ақпараттық халықаралық және
аймақтық ұйымдармен ынтымақ.
тастық туралы шарттар,
келісім шарттар немесе
келісімдер жасасу

2. INTERNET ақпараттық Жасалған Мемстандарт, 1998-2000
желісі арқылы ТМД елдерімен, шарттарға мүдделі жылдары
стандарттау, метрология сәйкес министрліктер
және сертификаттау мен
аккредиттеу жөніндегі
халықаралық, аймақтық және
ұлттық ұйымдармен, сондай-ақ
республиканың ішінде
байланысты ұйымдастыру

3. Стандарттау жөнін. Келісімнің Мемстандарт, 1998 жылы
дегі Халықаралық ұйымға жобасы Қаржы
(ISO) кіру немесе министрлігі
ж а р н а
б о й ы н ш а
б о р ы ш т ы
төлеу

4. Стандарттау, метро. Жарналар Мемстандарт, ұдайы
логия және сертификаттау төлеу Қаржы
жөніндегі мемлекетаралық министрлігі
кеңеске (МАК) мүшелікті
қолдау

5. Халықаралық заң Жарналар Мемстандарт ұдайы
шығару метрологиясы төлеу

ұ й ы м ы н а

(I O M L)

м ү ш е л і к т і

қолдау

6. Халықаралық электр
техникалық комиссиясына
(IEC) кіруге құжаттар

Келісімнің Мемстандарт
жобасы
бастап дайындау

1998-1999
жылдардан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК